

# Қайта Өрлеу дәуірінің философиясы





**Қарағанды Мемлекеттік Медицина Университеті**  
**Қазақстан тарихы және әлеуметтік – саяси пәндер кафедрасы**

**Д Ә Р І С**

**Тақырыбы: «Ренессанс пен Реформация мәдениетіндегі философия»**

**Мамандығы: «5В130200 – Стоматология»**

**Пән: «Философия»**

**Курс: 2**

**Уақыт (ұзақтығы) : 1сағат (50 минут)**

**Қарағанды – 2011 ж.**

- ▣ **Тақырыбы:** «Ренессанс пен Реформация мәдениетіндегі философия»
- ▣ **Мақсаты:** Студенттерді Ренессанс пен Реформация мәдениетіндегі философиямен таныстыру.
- ▣ **Деріс жоспары:**
- ▣
- ▣ **1. Ренессанстық ойлау мен дүниеге қатынастың ерекшеліктері.**
- ▣ А) Ренессанстық дүниетанымның антропоцентризмі. Табиғат пен адамның жаңаша танымы.
- ▣ Б) Ренессанстық гуманизм
- ▣ В) Ренессанстық неоплатонизм мен аристотелизм
- ▣ Г) Ренессанстық скептицизм мен эпикуризм
- ▣
- ▣ **2. Қайта өрлеу философиясы және жаңа Ренессанстық ойлаудың қалыптасуы**
- ▣ А) Дүниетанымдық сауалдар және қайта өрлеу дәуірі ойшылдарының философиялық ізденістері
- ▣ Б) Ренессанс және білімнің секуляризациялануы
- ▣ В) Ренессанс философиясы және оның эксперименталдық жаратылыстанудың маңызы.
- ▣
- ▣ **3. Реформация философиясы**
- ▣ **4. Н.Макиавеллидің саяси философиясы және оның «көпшілік мемлекеті» моделінің қалыптасуындағы маңызы.**
- ▣ **5. Философия және елеулі утопия.**
- ▣



# **Қайта Өрлеу дәуірінің философиясы**

Қайта Өрлеу дәуірінің философиясы қалыптасуының алғышарттары, сипаты, негізгі бағыттары

- 1. Гуманизм**
- 2. Неоплатонизм**
- 3. Натурфилософия**
- 4. Саяси - әлеуметтік бағыттар**
- 5. Мистицизм**

**«Қайта Өрлеу»** атауы - адам тәні мен жанынын сұлулығы жоғары бағаланған, дін үстемдігі болмаған антикалық рухани қазынананы қайта өрлету мақсатынан туды.

# ҚАЙТА ӨРЛЕУ ДӘУІРІНІҢ ФИЛОСОФИЯСЫ МЕН МӘДЕНИЕТІ ПАЙДА БОЛУЫНЫҢ АЛҒЫШАРТТАРЫ:

1. еңбек құралдары мен өндірістік қатынастардың жетілдірілуі;
2. феодализмнің дағдарысы;
3. кәсіпкерлік пен сауданың дамуы;
4. қалалардың күшейіп, Шіркеуге тәуелсіз, сауда - кәсіпкерлік, әскери, мәдени саяси орталықтарға айналуы;
5. зайырлы биліктің күшеюі,
6. Европа мемлекеттерінің іріленуі, орталықтануы;
7. алғашқы парламенттердің пайда болуы;
8. ұлы географиялық жаңалықтар (Колумб, Васко да Гама, Магеллан);
9. бүкіл Европада білім деңгейінің жоғарылауы;
10. шіркеу мен схоластиканың (шіркеу философиясын) дағдарысы, өмірден артта қалуы;
11. ғылыми-техникалық жаңалықтар (отты қарудың, порохтың жасалуы, станоктардың, домна пештердің, микроскоптың, т.б.).

# **ҚАЙТА ӨРЛЕУ ФИЛОСОФИЯСЫНЫҢ НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫ:**

- 1. гуманистік**
- 2. неоплатондық**
- 3. натурфилософиялық**
- 4. реформациялық**
- 5. саяси**
- 6. утопиялық**



# Ежелгі дүние

## ГИЛОЗОИЗМ

РЕГИОНАЛ

**Үнді**  
веданта

**Қытай**  
лаосизм

**Греция-Рим**  
Фалес  
Анаксимандр  
Анаксимен  
Элеаты  
Платон  
Наеплатонизм  
Псевдо-Дионисий  
Арсопагит

## Ортағасырлар

ПАНТЕИЗМ ЭЛЕМЕНТ

**Эриугена**

**Экхарт**

# Қайта өрлеу дәуірі

ПАНТЕИЗМ

Кузандық  
Николай

Дж. Бруно

Т.Кампанелла

Я.Бёмс

# Жаңа заман

Пантеизм

Спиноза

Гёте

Гердер

Шеллинг

Гегель

# Гуманизм

**Гуманизм - философиялық бағыт ретінде Европада XIV-XV ғасырлар арасында кең тарайды. Гуманистік бағыттың белгілері:**

1. антишіркеулік, антисхоластикалық бағыттылық;
2. Құдай күдіретін төмендетіп, адамның өзіндік құндылығын дәлелдеуге ұмтылыс;
3. антропоцентризм –адамға, оның күшіне, ұлылығына, мүмкіндіктеріне сенім мен ықылас, назар;
4. өмірге күлшыныс пен оптимизм.

Гуманистік философия әдеби жанрмен астасып, көркем және астарлы сөзбен баяндалды. Белгілі философ-гуманистер әйгілі жазушы да болды.

**Данте Алигьери (1265-1321) - «Құдіретті комедия»** авторы (жақсы аяқталатын әдеби шығармалардың бәрі комедия деп аталатын болғандықтан Данте Алигьери өз шығармасын «Комедия» деп қана атаған болатын).

## Өз шығармаларында Данте :

1. христиандықты жырлағанмен, сөз арасында оның қайшылықтары мен адам ақылына түсініксіз христиандық ақиқаттарды (догмаларды) әжуалайды;
2. адамды мадақтайды;
3. адам - Құдайдың жаратқаны деген түсіндірмеден алшақтайды;
4. адам бойында күдіретті және табиғи бастамалар өзара үйлестікте болатынын тұжырымдайды;
5. адам табиғатының қайырымдылығына, адамның бақытты болашағына сенім білдіреді;

Дантенің келесі шығармалары («Жаңа өмір» , т.б.) да осы мазмұндас.



# Франческо Петрарка (1304-1374)

Шығармалары : «Әндер кітабы», «Дүниені жеккөру туралы» (лат. тілінде), т.б. Көзқарасы бойынша Дантеге жақын. Сонымен қатар Петрарка әдебиетке, философияға, мәдениетке бейсхоластикалық идеялар ендірді.



## **Ол былай тұжырымдады:**

1. адам өмірі ғажайып, айрықша;
2. адамға өмір бір-ақ рет беріледі;
3. адам Құдай үшін емес, өзі үшін өмір сүруі керек;
4. адам тұлғасы тәндік жағынан да, рухани жағынан да азат болуға тиіс;
5. адамға таңдау еркіндігі және соған сәйкес өз ойын білдіру құқысы берілген;
6. адам өзіне, өз күшіне сүйеніп бақытқа жете алады және бақытқа жетуге қажетті мүмкіндіктің бәрі оның өз бойында бар;
7. о дүние деген жоқ, ал ажалсыздыққа адамдар жадында қалу арқылы жетуге болады;
8. адам өзін Құдай жолына құрбан етпей, өмірді сүйіп, раһаттануы керек;
9. адамның сыртқы пішімі мен ішкі дүниесі ғажап сұлу

**Лоренцо Валла**  
**(1507-1557)**- «Рахат  
және шын игілік  
туралы» трактатының  
авторы.



## Лоренцо Валла :

1. Шіркеу авторитеттерін әжуалады;
2. схоластиканың жасандылығын, жалғандығын, ойдан шығарылғандығын әшкереледі;
3. дүние орталығына адамды қойды;
4. адам ақылы мен мүмкіндіктеріне сенім білдірді;
5. аскетизмді терістеді;
6. дүниені өзгертудегі батылдыққа, белсенді әрекет пен күреске шақырды;
7. ерлер мен әйелдер теңдігін жақтады;
8. жоғарғы игілік - адамның материалдық қажеттіліктері мен моральдық сұраныстарының, қанағаттануынан туатын күй деп санады.

# НЕОПЛАТОНИЗМ

Платон ілімін жүйелеп, оның ішкі қайшылықтарын жойып, ары қарай дамытуды көздеген философиядағы идеалистік бағыт. XV ғасырда, Қайта Өрлеу дәуірінде неоплатонизм ерекше көркейді. Қайта Өрлеу дәуіріндегі неоплатонизмнің көрнекті өкілдері **Николай Кузанский** мен **Пико делла Мирандола** болды.



## **Неоплатонизм өкілдері:**

1. әбден қалыптасып, жүйеленген схоластикалық философияға жаңа, Платон іліміне негізделген философиялық жүйені қарсы қойды;
2. Құдай рөлі азайтылып, дүниеге дейінгі бастапқы идеялардың мәні үлкейтіліп көрсетілетін дүниенің жаңа картинасы ұсынылды;
3. адам болмысының, құдіреттілігін мойындады және адамды дербес микрокосмос ретінде қарастырды;
4. барлық философиялық бағыттарды қамтып, бәрін біріктіретін жаңа, әлемдік, біртұтас философиялық жүйе жасауға шақырды.

# Николай Кузанский (1401-1464)

Құдайтанушы, шіркеу қызметшісі болғанына қарамай, өз заманы үшін жаңалық болған философиялық көзқарастарды ұстанды, болмыс пен танымға жана түсіндірме берді.



## **Кузанский болмыс пен танымға жана түсіндірмелер берді:**

1. Құдай мен оның жаратқан дүниесі арасында айырмашылық жоқ (яғни дүние біртұтас - Құдай, қоршаған дүние, Әлем — бәрі бір);
2. «біртұтас» (Құдай) және «шексіз» (Оның жаратқаны) - өзара минимум мен максимум ретіндегі қатынаста (қарам-қарсылықта),
3. осы тұжырымдарды қорытындылай келіп Николай Кузанский «қарама қарсылықтардың сәйкестігі» туралы заңды негіздеді:
4. идея және материя бір;
5. барлығын қамтып, реалды тіршілік ететін - актуалды шексіздік;
6. Әлем - шексіз, оның басы да, соңы да, орталығы да жоқ. Жер - Әлемнің орталығы емес;
7. Әлем - аяқталған және абсолютті Құдай. Құдай - қоршаған дүние арқылы емес, керісінше дүние, табиғат, бар мән атаулы - Құдай арқылы көрінеді;
8. математикалық тұрғыдан шексіздік қарама-қарсылықтарды біріктіреді.
9. Әлемнің, қоршаған дүниенің шексіздігі танымның шексіздігіне әкеледі;
10. абсолютті толық' білімге қол жеткізу мүмкін емес, білім көлемін ұлғайту - ақиқат білімге емес, ғылымпаздыққа («ученому незнанию») әкеледі.

# Антикалық философия

Неоплатонизм

Патристика  
Псевдо-Дионисий  
Ареопагит

Орта ғасырлық

Эриугена

Оккам

Мейстер  
Экхарт

Қайта өрлеу дәуірі

Кузандық Николай

Джордано  
Буро

Жаңа заман

Декарт

Шексіз кіші өлшемдер туралы ілім

Ньютон

Лейбниц монодология

Дифференциалды және интегралды сақтау



# Джованни пико делла Мирандола (1463-1494)

Өзіне таныс барлық  
діни және  
философиялық  
ілімдерді біріктіріп,  
“900 тезис” деп  
аталатын  
эклектикалық  
шығарма жазды.





## **Оның еңбегінің басты идеялары:**

1. Адамды қоршаған дүниеден бөліп, жоғарылатып, (элементарлық, аспандық және періштелік әлемдерден кейінгі) космостың төртінші дүниесі деп қарастырды;

2. Адамның бостандығын, таңдау еркіндігін мойындады;

3. Барлық философиялық ілімдерді біріктіріп, өзара келісім жолымен “алтын ортаны” табуды ұсынды.

# **Натурфилософиялық ілімдер**

**Еуропадағы Кейінгі қайта өрлеу кезеңінде  
( XVI-XVII) натурфилософиялық идеялар  
кең таралды.**

# Натурфилософия өкілдері:

1. Дүниеге материалистік көзқарасты негіздеді.

2. философияны теологиядан ажыратуға талпынды

3. теологиядан азат, ғылыми дүниетаным қалыптастырды

4. Жер - Әлемнің орталығы болып табылмайтын, Құдай, Табиғат, Космос бірігіп кететін дүниенің жаңа картинасын ұсынды.

5. дүние танылады және Құдіретті тану арқылы емес, сезімдік таным мен ақыл арқылы танылады деп сенді.

**ҚАЙТА ӨРЛЕУ ДӘУІРІНІҢ  
НАТУРФИЛОСОФИЯЛЫҚ  
БАҒЫТЫНЫҢ КӨРНЕКТІ ӨКІЛДЕРІ:**

**Андреас Везалий**

**Леонардо да Винчи**

**Николай Коперник**


**Джордано Бруно**

**Галилео Галилей**

# Андреас Везалий (1514-1564)

Философияда және медицинада төңкеріс жасады.

Везалий дүниенің орталығына адамды қойып, оны материалистік тұрғыдан түсіндірді.






Медицинадағы Галеннің (жануарларды зерттей отырып адам физиологиясын сипаттаған ежелгі рим дәрігері) заманында (130-200) қалыптасып, мың жылдан аса үстемдік еткен көзқарасты жоққа шығарды.

**Везалий** сансыз анатомиялық тәжірибелерге сүйене отырып өзінің атақты «Адам денесінің құрылысы туралы» кітабын жариялады. Және ол сипаттаған адам анатомиясы Гален баяндайтын адам анатомиясымен салыстырғанда әлдеқайда шындыққа жақын.

# Николай Коперник (1473-1543)

Астрономиялық  
зерттеулерге  
сүйене отырып  
өзгеше болмыс  
картинасын  
ұсынды.



**Коперник астрономиялық зерттеулерге сүйене отырып өзгеше болмыс картинасын ұсынды:**

1. геоцентризмді терістеді: Жер - Әлемнің орталығы емес;

2. (геоцентризмді гелиоцентризммен алмастырды) Жер үшін Күн - орталық болып табылады, Жер-Күнді айналады;


3. барлық космос денелері өз траекториясы бойынша қозғалады;

4. космос — шексіз;

5. космоста болып жатқан процестерді табиғи тұрғыдан түсіндіруге болады және ол құбылыстардың астарында ешқандай «күдіретті» МӘН-МАҒЫНА ЖОҚ.

# Джордано Бруно (1548-1600)

Коперниктің философиялық идеяларын дамытты және тереңдетті. Дж. Бруно идеялары католик Шіркеуінің догмаларына қайшы келгендіктен 1600 жылы, түрмедегі 8 жылдық қамаудан кейін ғалым отқа өртелді.



## **Бруно:**

1. Күн-Жер үшін орталық, бірақ Әлемнің орталығы емес;
2. Әлем шексіз, оның орталығы жоқ;
3. Әлем галактикалардан (жұлдыздар шоғырларынан) тұрады;
4. жұлдыздар — күнге ұқсас және әрқайсысының өз планеталық жүйесі бар аспан денелері;
5. Әлемдегі дүниелер саны шексіз;
6. барлық аспан денелері - планеталар, жұлдыздар және олардағы нәрселердің бәрі қозғалысқа ие;
7. Әлемнен басқа Құдай жоқ, Әлем және Құдай - біртұтас.



# ГАЛИЛЕО ГАЛИЛЕЙ (1564-1642ЖЖ.)

Николай Коперник пен Джордано Бруно ойларының дұрыстығын іс жүзінде дәлелдеді:


1. телескопты жасады;
2. телескоп арқылы аспан денелерін бақылап, зерттеді;
3. аспан денелері траектория бойынша қозғалумен қатар өз осімен айналатынын дәлелдеді;
4. Күндегі қара дақтарды, Айдағы ландшафттарды (таулар мен шөлдерді - «теңіздерді») анықтады;
5. Жерден басқа планеталардың да серіктерін ашты;
6. денелердің жерге құлау динамикасын зерттеді;
7. Әлемдегі дүниелердің көптігін дәлелдеді.

Галилео Галилей ғылыми зерттеу әдісін тұжырымдады. Әдістің мәні:

1. бақылау;
2. гипотеза жасау;
3. гипотезаның практикада іске асуының есептелінуі;
4. ұсынылған гипотезаның практика жүзінде эксперименталды (тәжірибелік) тексеруден өтуі.

# Галилео Галилей (1564-1642жж.)

Николай  
Коперник пен  
Джордано Бруно  
ойларының  
дұрыстығын іс  
жүзінде  
дәлелдеді:



## Галилей:

1. телескопты жасады;
2. телескоп арқылы аспан денелерін бақылап, зерттеді;
3. аспан денелері траектория бойынша қозғалумен қатар өз осімен айналатынын дәлелдеді;
4. Күндегі қара дақтарды, Айдағы ландшафттарды (таулар мен шөлдерді -«теңіздерді») анықтады;
5. Жерден басқа планеталардың да серіктерін ашты;
6. денелердің жерге құлау динамикасын зерттеді;
7. Әлемдегі дүниелердің көптігін дәлелдеді.

Галилео Галилей ғылыми зерттеу әдісін тұжырымдады. Әдістің мәні:

1. бақылау;
2. гипотеза жасау;
3. гипотезаның практикада іске асуының есептелінуі;
4. ұсынылған гипотезаның практика жүзінде эксперименталды (тәжірибелік) тексеруден өтуі.

# САЯСИ - ӘЛЕУМЕТТІК БАҒЫТТАР

Қайта Өрлеу дәуірі үшін адамға қызығушылықпен қатар мемлекет, қоғамдық кұрылыс, Шіркеу мен мемлекеттік институттардың және дінге сенушілердің қатынас мәселесі өткір тұрды. Және осы саладағы көзқарастар Қайта Өрлеу заманының саяси-әлеуметтік философиясында көрініс тапты.

Реформация философиясы - католицизмді реформалауды, Шіркеуді демократияландыруды, Құдай, Шіркеу және діндарлар арасында әділетті қатынастар орнатуды көздеді.



# РЕФОРМАЦИЯ ФИЛОСОФИЯСЫ 2 АҒЫМҒА ЖІКТЕЛЕДІ:

1. Бюргерлік - евангелиелік. Бұл бағыттың көшбасшылары (лидерлері):

М. Лютер

У. Цвингли,

Ж. Кальвин болды.

2. Халықтық Реформация - Т. Мюнцер,  
анабаптистер,  
дигерлер, т.б.  
қозғалыстарында көрініс тапты.

# ОРТАҒАСЫРЛЫҚ дәуір

Зайырлы биліктің Шіркеуге

Уильям Оккам

Марсилский Падуанский

Шіркеудің мемлекеттен бөлінуінің қажеттілігі

Шіркеулік биліктің зайырлы биліктен үстемдігі

Августин

“Қос қала” туралы ілім

Фома Аквинский  
Геократия туралы ілім

## Қайта өрлеу дәуірі

Маклиавелли

Жан Боден

Гуго Гроций

“Табиғи құқық” идеясы

Утопизм

Томас Мор

Томмазо Кампанелла

Гоббс

Ағартушылар

Локк

Монтескье

Руссо

Утопиялық социализм

Марксизм

Реформацияның негізін қалаған **Мартин Лютер** (1483-1546) болды. 1517 жылдың 31 қазанында (октябрь) М. Лютер Германиядағы Виттенберг шіркеуінің есігіне индульгенцияға қарсы өзі шығарған 95 тезисті апарып қақты. Оның бұл әрекеті католицизмге қарсы идеологиялық күрестің (ал кейбір елдерде қарулы күрестің) бастамасы болды.

## **М. Лютердің басты идеялары:**

1. Құдай мен Оған сенушілердің қатынасы тікелей жүруі тиіс;
2. Құдай және діндарлар арасында католик Шіркеуі сияқты делдалдың қажеті жоқ;
3. діни ырым-жоралғыларды қарапайымдандыру қажет;
4. Шіркеу- демократиялануы, ал діни жоралар - адамдарға түсінікті болуы қажет;
5. Рим Папасы мен католиктік дін басылардың басқа мемлекеттердің саясатына ықпалын азайту қажет;
6. мемлекеттік институттар мен зайырлы биліктің беделі қалпына келтірілуі тиіс;
7. Құдай жолына қызмет ету - тек дін басылардың кәсібі емес, әрбір христианның өмірлік ісі;
8. білім мен мәдениетті католиктік догмалардың шырмауынан босату
9. индульгенцияға тиым салу қажет.

Реформацияның халықтық бағытын **Томас Мюнцер** (1490-1525) дамытты. Священник Мюнцер бастапқыда Лютерді жақтағанмен, 1520 жылы, Реформация қозғалысы басталғаннан 3 жылдан кейін ұстазынан бөлініп, өз идеяларын ұсынды.



## Мюнцердің идеалары:

1. Шіркеуді ғана емес, қоғамды түгелдей реформалау қажет;
2. қоғамды өзгертудегі мақсат - жер бетінде жалпы әділетке жету, «Құдірет патшалығын» орнату;
3. теңсіздік, таптық бөлініс сияқты зұлымдықтың негізінде жеке меншік, жеке мүдде жатыр;
4. жеке меншікті жойып, жалпы меншік (өндірісті-ұйымдастырудың жаңа әдісін) орнату қажет;
5. адам өмірі мен әрекеті қоғам мүддесіне сай келгенде ғана Құдай еркіне лайық болады;
6. билік пен меншік қарапайым халыққа -

# Э.РОТТЕРДАМСКИЙ ФИЛОСОФИЯСЫ

Қайта Өрлеу дәуіріндегі Голландиялық ойшыл Э. Ротгердамский болды. **Дезидерий Эразм Ротгердамский (1469-1536)** - «Солтүстіктегі Қайта Өрлеу» аталған аймақтың өкілі, философ, құдайтанушы, гуманист.

# ОНЫҢ ФИЛОСОФИЯСЫНЫҢ БАСТЫ СИПАТЫ:

1. ортағасырлық схоластикаға бағытталған әжуа мен сын ;
  2. бастапқы христиандықты мадақтау (бастапқы «христиандықгыщ ренессансына», ерте христиандықтың идеялары мен практикасына қайта оралу - христиандықты құтқару, ақиқат сенімге айналдыру жолы деп сенді);
  3. адамгершілік қағидаларына, Христік философияны ұстануға, сақтауға шақырды;
  4. мемлекет идеалы ретінде қатаңда күшті, бірақ гуманды монархияны жақтады. Осы сұрақтар қарастырылатын ең атақты шығармасы - «Похвала Глупости».
- Э.Роттердамский қоршаған дүние құбылыстарын түсіндіріп, адам тәртібінің дұрыс түрін анықтауға, көрсетуге тырысты.

## **Жақсы, жағымды қасиеттерге:**

1. бостандық, азаттық;
2. бейбітсүйгіштік;
3. ұстамдылық;
4. қарапайымдылық
5. білімділік;
6. дұрыс мағыналық.

## **Жағымсыз (жамандық әкелетін) қасиеттерге:**

1. фанатизм;
2. надандық;
3. зорлық;
4. екіжүзділік;
5. интеллектуалдық күрделілік (осы белгісі үшін ол схоластиканы қатты сынады).

# РЕФОРМАЦИЯНЫҢ ФИЛОСОФИЯЛЫҚ МӘНІ.

Реформация философиясы XVI ғасырда да жалғасып, Европа елдерінің бәрін камтыған Шіркеуді реформалауға және католицизмге қарсы бағытталған саяси және қарулы күрестердің идеологиялық негізіне айналды.

Осы күрестің нәтижесінде біршама елдерде католицизм *құлап*, Европада діни бөлініс іске асты:

1. Солтүстікте және Орталық Европада (Германия, Швейцария, Ұлыбритания, Голландия Дания, Швеция, Норвегияда) протестантизмнің түрлі бағыттары (лютерандық, кальвинизм, т.б.) орнықты.
2. Оңтүстікте және Шығыс Европада (Испания, Франция, Италия, Хорватия, Польша, Чехия, т.б.) католицизм сақталды.



# Антикалық философия

“Алтын ғасырдағы” мемлекеттер

Платон идеалды мемлекеті

Діни утопизм  
Жер бнтіндегі “Құдай патшалығы

Августин  
Шіркеу-Құдайы қаласының  
Жердегі бейнесі ретінде

## Ортағасырлық дәуір

Діни утопизм

## Қайта өрлеу дәуірі

Діни утопизм

Мюнцер

Ренессанстық утопизм

Мор

Кампанелла

Фр.Бэкон

# Жаңа заман

Діни утопизм

Утопиялық социализм

Сен-Симон

Фурье

Оуэн

Ғылым коммунизм

Марк, Энгельс

Ленин

Утопиялық социализмнің негізін қалаушы - **Томас Мор(1478-1535)** болып табылады. Өзі кәсіпқой саясаткер болғандықтан, мемлекет мәселелері өте жақын, таныс болатын: 1504ж.- парламент мүшесі, 1529 жылы Ұлыбританияның лорд-канцлері (корольдан кейінгі мемлекеттегі жоғарғы қызмет).

1535 жылы Т.Мор католицизмді жақтап, корольға Рим Папасына тәуелсіз басшы ретінде ант беруден бас тартқаны үшін өлім жазасына кесілді.

Қоғам мен мемлекеттік құрылысы туралы өз ойларын Т.Мор «Утопия» атты еңбегінде баяндады.

**Утопия (гректің — «еш жерде жоқ мекен») — идеалды мемлекет орналасқан аралда:**

1. жеке меншік жоқ;
2. өндірістік еңбекке барлық азаматтар қатысады;
3. еңбек — жалпы еңбек міндеті негізінде іске асады;
4. өндірілген азық (еңбек жемісі) қоғамдық меншікке айналады (қоғамдық қоймаларға өткізіледі), Утопия тұрғындарына тең бөлініп таратылады;
5. барлық азаматтар еңбекпен айналысатындықтан, Утопияны қамтамасыз етуге қысқа - 6 сағаттық жұмыс күні жеткілікті;
6. ғылымға ерекше қабілет танытқандар еңбек әрекетінен босатылады;
7. нағыз ауыр, қара жұмыстарды құлдар - әскери тұтқындар мен жазаға бұйырылған қылмыскерлер орындайды;
8. туысқандық семья емес, еңбек семьясы (еңбек коллективі)- қоғамның алғашқы ұясы деп саналады;
9. барлық қызметтер сайланбалы (тікелей немесе қосалқы);
10. ерлер мен әйелдер тең құқылы (міндеттері де бірдей);
11. тұрғындар Құдайға сенеді, мемлекете діни төзімділік қалыптасқан.

# Антикалық



## Ортағасырлық

## Қайта өрлеу дәуірі



**Парацельс**

Кардано

Телезно

**Бруно**

Бёмо

*Ренесанстық  
аристотелизм*

**Падуан  
университеті**

**Помонации**

**Ванини**

**Валло**

**Монтель**

## •ӘДЕБИЕТТЕР

### НЕГІЗГІ

1. Антология мировой философии в 4-х т. М. Мысль 1969-1972
2. Бруно Дж. Обесконечности Вселенной и мирах. Избранное, Самара, 2000  
Қосымша
  1. Абдильдин Ж. М. Сочинения в 5 – ти томах. А., 2000-2001
  2. Алтай Ж., Қасабек А., Мұхамбетели Қ. Философия тарихы. Алматы, 1999
  3. Нысанбаев Е., Ысжанов Т. Философияның қысқаша тарихы. Алматы, 2004
  4. Қашыбеков Д. «Философия» Алматы, 2004
  5. Тұрғынбаев А. Х. Философия., Алматы, 2004

## • ПРОБЛЕМАЛЫҚ СУРАҚТАР

### Пікір-таласқа арналған

1. Ренессанс дәуірінің танымның антропоцентризмін дегенді қалай танытты?
2. Қайта өрлеу философиясы мен антикалық философия ара қатынасы қандай? 3. Жекпіл, режішлік, жалпылық.
4. Қайта өрлеу философиясының негізгі тақырыптары мен мәселелері жөнінде не айтасыз?
5. Білімнің секуляризациялануы деген не?
6. Н. Макиавеллидің "Қошты мемлекет" моделіне сипаттама беріңіз.

**Назарларыңызға  
рахмет!!!**

